

"Мабко" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен алынған несие бойынша қаржылық міндеттемелерді орындау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 6 қараша N 1673

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, "Мабетекс-Сиагас" пен "Мабетекс проджект инжиниринг СА" консорциумы, "Мабко" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы 1997 жылғы 10 қыркүйекте жасалған келісім бойынша қаржылық міндеттемелерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты несиелендіру бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен несие берушілер ұсынған шоттарға сәйкес 2000 жылғы 22 қыркүйекте төленуге тиесілі 3 050 000 (үш миллион елу мың) АҚШ доллары мөлшеріндегі негізгі борыштың сомасын өтеуді, 444 400 (төрт жүз қырық төрт мың төрт жүз) АҚШ доллары мөлшеріндегі сыйақыны төлеуді, сондай-ақ, кейіннен, жоғарыда көрсетілген төлемдер кешіктірілген жағдайда айыппұл

пайызын төлеуді жүзеге асырсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.

